| | **Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.** "Қонжық неге ақырады?" ертегісін әңгімелеу. **Мақсаты:** балаларды "Қонжық неге ақырады?" ертегісімен таныстыру, ертегі желісінде кездесетін аюдың, қонжықтың қыстағы тіршілігі, дыбыстау ерекшелігі жөнінде мағлұмат беру. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығулар** "Орман тұрғындарының іздері". **Мақсаты:** балалардың екі қарама-қарсы заттардың ені бойынша тұстастырып, салыстыру дағдыларын жетілдіру, нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; оң жақ пен сол жақты ажырату қабілетін дамыту, саны айрықша | **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар** "Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігі". **Мақсаты:** жабайы жануарлардың қысқы тіршілігіндегі өзгерістер арқылы балалардың жабайы табиғат өкілдеріне қызығушылық бастамаларын арттыру; көзбен қабылдау, | **Сурет салудан ойын-жаттығулар.** "Ақ қоянды жасырайық". **Мақсаты:** балаларды сюжеттік сурет салудың ережелеріне үйрету; қағаздың сол жағында алдын-ала салынып тұрған тіке сызықты жасыл борша арқылы шырша бейнесіне айналдыруға, жанына қылқалам арқылы ақ қоян бейнесін салуға үйрету. | **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар** "Тиін". **Мақсаты:** балалардың қыс мезгілдерінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; тиіннің сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту; жанды табиғатқа қызығушылықтары мен |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | геометриялық пішіндерден биіктігі екі түрлі қарапайым бейнелерді құрастыруда жаттықтыру; есте сақтау, ақыл-ой мен қабылдау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Апандағы аюдың суретін қарау.**<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балаларға аюдың қысқы тіршілігі жөнінде жалпы ұғымдар беру; аюдың орманда көрінбейтінін, апанда ұйқыда жатқанын түсінуді үйрету; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Аю апанына жатты,<br>Аюдың ұйқысы қатты<br>(ұйықтаған аю).<br>- Аю, аю, қайдасың?<br>- Неге ақырмайсың?<br>Д. Ахметова<br>- Балалар, аю неге ақырмайды?<br>- Иә, аю апанда ұйықтап жатыр.<br>- Аю қалай ұйықтайтынын көрсетейікші.<br>- Жарайсыңдар.<br>- Аюдың ұйқысы қатты, біз ойынды ойнап көрейік. | фонематикалық есту қабілеті мен зейінін және дүниетанымы мен ойлауын дамыту.<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығулар**<br>"Қоян мен Түлкі көрші".<br>**Мақсаты:** балаларды білеу, текше, призма, арка сияқты құрылыс материалдары арқылы екі көлемде қақпалар жасауға үйрету; білеулерді тік қойып, арасын аркамен жауып, үстінен призманы қойып, шатырды жасауда жаттықтыру; құрылыстың тұрақтылығы жөнінде ұғымдарды жетілдіру. | **Саусақ жаттығуы. "Қоян".**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:**<br>қоян өмір сүріпті<br>(алақандарын соғады).<br>Ұзын құлақ (құлақтар - жұдырықтан балаң үйрек (сұқ саусақ) және ортаң терек саусақтарын жоғары көтереді және төмен түсіреді; шылдыр шүмек пен кішкене бөбекті бас бармақпен басып тұрады).<br>Қоян тоңып қалды<br>(алақандарын бір-біріне үйкелейді).<br>Мұрны тоңып қалды (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады).<br>Құйрығы тоңып қалды<br>(құйымшақты сипайды).<br>Жылынуға кетті<br>(алақандарын бір-біріне үйкелейді).<br>Балалардың үйіне (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады).<br>Сол жақта жылы<br>(алақандарын соғады). | бастамаларын және жауапкершіліктерін қалыптастыру; қыс қызығы туралы ұғым беру. |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ кимдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Бөбекжайда, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №** 4 | **Картотека №** 19 | **Картотека №** 17 | **Картотека №** 10 | **Картотека №** 8 |
| **Серуеннен оралу** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуді жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Түскі ас** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту: ас ішу құралдарын (ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Ас ішкенде күнде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз.<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды.<br>«Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Бай керуен» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Балгер» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту.<br>«Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беру.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Бай мен тәуіп» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады.<br><br>Аудио тыңдау М.Беспаевтің «Әлди, әлди әні».<br>**(музыка)** |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту,** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)**<br>Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан оянғанда төсектен бірден тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сауықтыру шаралары** | "Мысықтың ашулануы" жаттығуы: тізенен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен (мысалға, нүктелі) массаж жасау. Тыныс жаттығуларын жасату.<br>Алақанға арналған "Кірпі" жаттығуы; тікенек допты алақанға салып айналдыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауаны пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында "денсаулық" жолдарымен жүру.<br>Суық тиюге және тұмауға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **"Қажетті киімді алыңыз" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу, қуыршаққа қажетті киімді табу.<br>Барысы: балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар мен қысқы және жазғы киімдер бейнеленген.<br>Кезекпен жазғы және қысқы мезгілдердің суретін көрсетемін. Балалар қуыршақтарға жыл мезгілдеріне сәйкес киім кигізу керек.<br><br>**«Түлкі түскі асқа отырды» сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** сөйлеуді дамыту, диалог сөйлеуді жандандыру. | **Саусақ жаттығуы. "Қоян".**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтуға ынталандыру, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Қоян өмір сүріпті (алақандарын соғады).<br>Ұзын құлақ (құлақтар - жұдырықтан балаң үйрек (сұқ саусақ) және ортаң терек саусақтарын жоғары көтереді және төмен түсіреді; шылдыр шүмек пен кішкене бөбекті бас бармақпен басып тұрады).<br>Қоян тоңып қалды (алақандарын бір-біріне үйкелейді).<br>Мұрны тоңып қалды (екі қолдың саусақтарын қысады | **"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>**Мақсаты:** қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, қимылдарды үйлестіруге үйрету.<br>Балаларға жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдауды, сигнал бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру, зейін, ойлау қабілетін дамыту, шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, мен түлкі болайын.<br>Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын.<br>Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарына барып, тез отыра қаласыңдар.<br>Орындарына отырмасаңдар, мен орынды басып аламын. | **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар**<br>"Ұйқыдағы аю".<br>**Мақсаты:** балалардың жабайы жануар аюдың тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру, жабайы жануардың қыс мезгіліндегі тіршілігі жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, мекені, азығы, қысқа дайындығы) кеңейту.<br><br>**Жаңылтпаштар айтқызу.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту, жаңылтпаштар айту.<br>Аппақ, аппақ, бәрі аппақ,<br>Ақ қар аппақ, бәрі аппақ.<br>Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ | **Музыкадан ойын-жаттығулар**<br>"Қасқыр туралы".<br>**Мақсаты:** балаларды музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру, музыка сипатына қарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталау, музыкалық аспап қасықпен ойнау қабілетін қалыптастыру.<br><br>**"Не істеген? Енді не істейді?" дидактикалық ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>Құралдар. Суреттер немесе ойыншықтар.<br>- Қуыршақ төсекте жатыр.<br>Қуыршақ не істеген?<br>(Қуыршақ ұйықтаған.)<br>Қуыршақ не істейді? |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ыдыс-аяқ туралы білімді бекіту, дастаркан басында мінез-құлық мәдениетін калыптастыру.<br>Құрал-жабдықтар: түлкі ойыншығы, ойын бұрышындағы ыдыс-аяқ жиынтығы.<br>Ойын барысы.<br>– Түлкі орманда ұзақ жортты. Оның карны ашты. Балалар, түлкіге түскі ас берейік.<br>Балалар түлкіні үстел басына отырғызады. Үстелге ыдыс-аяқ қояды. Табакка түскі ас салады (ойыншық).<br>Ойынды мұқият бақылаймын, балаларды түзетемін, оларға көмектесіп, ойын әрекетін басқарамын.<br><br>**«Қорбаңдаған аю»**<br>**Мақсаты:** аю туралы түсінік беру, аю образына кіру, жүрісін салу, ойын ойнау арқылы қызығушылығын дамыту.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру,музыка)**<br>Аю суретін бояту,ермексаздан мүсіндеу. **(сурет салу, мүсіндеу)** | және босатады).<br>Құйрығы тонып калды (құйымшақты сипайды).<br>Жылынуға кетті (алақандарын бір-біріне үйкелейді).<br>Балалардың үйіне (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады).<br>Сол жақта жылы (алақандарын соғады).<br><br>**Драматизация.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>"Үйшік" ертегісін фланелеграф театрын қолдану арқылы сахналау.<br>**Мақсаты:** жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. | Бастайық.<br>Д. Ахметова "Түлкі".<br>Мен түлкімін, түлкімін,<br>Қулықпен өтер күнім.<br>Қаласам алдай саламын,<br>Орынды басып аламын.<br>Сөздерді әндетіп айтып жүремін.<br><br>**"Не қайда орналасқан?" дидактикалық ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, математика негіздері)**<br>**Мақсаты:** зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Балалардың ойлау қабілеттерін, тілдің грамматикалық құрылымын жетілдіру. | Ақ сүт, айран, қант та аппақ.<br><br>**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**"Қасқыр мен лақтар" қазақ ұлттық ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>**Мақсаты:** қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, белгілерге сәйкес әрекет етуге үйрету.<br>Шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Алдымен қасқырдың рөлін орындайтын ойыншыны таңдап алады. Қалған балалар – лақтар. «Лақтар» залдың бір жағында, ал «қасқыр» ортасында тұрады. Мынадай сөздерді қайталайды:<br>«Бөрте, бөрте, бөрте лақ,<br>Бөрте лақ тым ерке-ақ,<br>Кетесің кейде секеңдеп,<br>Байламаса көкем кеп».<br>Лақтар залдың қарсы бетіне жүгіріп өтуге тырысады.<br>«Қасқыр» залдың ортасында жүгіріп жүреді және әрі-бері жүгіріп өткен лақтарды ұстап алуға тырысады. Ойын қайталанады. «Қасқырды» қайта сайлайды. | (Қуыршақ ұйықтайды.)<br>*- Доп қорапта жатыр. Доп қорапта не істеген? (Доп қорапта жатты.) Доп қорапта не істейді? (Доп қорапта жатады.)*<br>- Машина жолда жүруде.<br>Машина жолда не істеген?<br>(Машина жолда жүрген.)<br>Машина жолда не істейді?<br>(Машина жолда жүреді.)<br>Диалог осы тәртіпте жүреді.<br><br>Үстел үсті театр ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру дағдыларын дамыту<br>**(математика негіздері)**<br>Құрастырмалы ойыншықтардан төрт түлікке қора құрастырту<br>**(құрастыру)**<br>Фланелеграфта төрт түлікті төлдерімен сол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау **(жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Текшелерді тасы» **Мақсаты:** қимыл-қозғалыс үйлесімділігін және қол бұлшықеттерін | **Құрастыру**<br>«Бөлшектен бүтін құрастыр»<br>Төрт бөлікке бөлінген | «Біреу және көп»<br><br>**Мақсаты:** «Бір», «көп» | Танымдық, ойын әрекеті<br>« Қыс қызықтары»<br>Қыс қызықтары туралы | Жаңылтпаш айтқызу.<br>Дыбыстарды анық айтуға үйрету. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту. (дене тәрбиесі)<br>Арузат | бөлшектен бүтін құрастыру.<br>Сафия мен Азамат | ұғымдарын меңгерту. (таным)<br>Мурадым Мурагер | айтады.<br>**(қоршаған әлеммен танысу)**<br>Тастан Зайыр | **Мақсаты:** Ойлау қабілетін жетілдіру.<br>**(қазақ тілі)**<br>Усман |
| **Серуенге дайындық** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету, аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету, ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық)<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №** 9 | **Картотека №** 3 | **Картотека №** 1 | **Картотека №** 13 | **Картотека №** 11 |
| **Серуеннен оралу** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу. | Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру. | "Үлкендерге құрмет" тақырыбында әңгімелесу. | Жаднама:<br>"Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері". | Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелер. |

**Тәрбиешілер: Есетова.Б.Б Кенжебаева.А.А**



Scanned with CamScanner

Тексерілген күні: 16.01.26ж
Әдіскер: Ж.Жумагалиева

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**
**Қаңтар айы (3-апта)**

Білім беру ұйымы: «Балбобек» жеке бөбекжайы
Топ: «Күншуақ» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **19.01 - 23.01.2026ж.**
Қаңтар «Заң және тәртіп айы»

| **Апта күндері** | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | **19.01.2026ж** | **20.01.2026ж** | **21.01.2026ж** | **22.01.2026ж** | **23.01.2026ж** |
| **Апта дәйексөзі: «Әділ заң - аспан тірегі»** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>Нейрожаттығу ойынымен балаларды қабылдау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br><br>BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. "Хоки-поки би"<br>**(музыка)** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>«Армысың шапағатты, Күн-Ана!»<br>Армысың шапағатты, Күн-Ана!<br>Армысың қайырымды, Аспан-Ана!<br>Армысың мейірімді, Жер-Ана!<br>Күт дарыт, бар әлемді жарылқа!<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br><br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Қабақ түю не керек?<br>Көңілді боп жүрейік!<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>«Күй күмбірі»<br>Күймен балаларды қарсы алу. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға кеңес.<br>"Балалармен бірге ойнаңыз". | "Жеке әңгімелер" (ата-аналардың қалауы бойынша). | "Музыка және балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | Ата-аналарға кеңес.<br>"Баланы жаңғалақтықтан (ұшқалақтық, ұмытшақтық) қалай арылтуға болады?" | Сүйікті ертегілер мен мультфильмдер негізінде иллюстрациялар мен коллажер. Балалар туындыларының көрмесі, кітапшалар жасау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **«Өнегелі тәрбие».**<br>**Еңбек тапсырмалары:** «Бөлме өсімдіктерін суару».<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)**<br>**Мақсаты:** бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай) суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**"Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)**<br>**Мақсаты:** дидактикалық міндеті: балаларға әртүрлі құбылыстардың себеп-салдарына байланысты түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру.<br>Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды, мысалы, "Мен жылы тонды кигенімнің себебі ..." - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "... жылы болу үшін, ... тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді.<br>Алдын-ала сөйлемдерді әзірлеп қоямын. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебіміз ...", "Қолшатыр алған себебіміз ..." және т.б.<br>Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады. | **«Өнегелі тәрбие».**<br>**Еңбек тапсырмалары:**<br>Құрылыс материалдарын, үстел үсті ойындарды орнына қою.<br>**(еңбек дағдылары, дербес іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Кез келген жабдық пен құралдың орнын есте сақтауға көмектесу, ұқыптылыққа баулу.<br><br>**"Мен кіммін? Бұл кім?" жаттығуы.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** "Мен" бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету; ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге машықтандыру.<br>Басқа өзі бала деп айтқызу.<br>Атын, жасын айтқызу.<br>Ойыншығын көрсеткізу, атату.<br>Жанындағы баланың атын, онымен ойнайтынын айтқызу.<br><br>**Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. | **«Өнегелі тәрбие»**<br>**Еңбек тапсырмалары:**<br>«Асханадағы көмекшілер».<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** мүмкіндіктеріне қарай күтушіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Балаларды тамақ ішерде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**Лото: "Үй жануарлары" үстел үсті ойыны.**<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды, үй жануарларын, топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Түстер бойынша карточкаларды таңдау.<br>**Жаңылтпаштар айтқызу.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту, баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>Бір ақ шымшық,<br>Екі ақ шымшық.<br>Үш ақ шымшық,<br>Төрт ақ шымшық. | **«Өнегелі тәрбие».**<br>**Еңбек тапсырмалары:**<br>«Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық».<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)**<br>**Мақсаты:** заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** дидактикалық міндеті: балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей.<br>Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді.<br>Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу.<br>**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. | Ұлттық сезім күні<br><br>**«Өнегелі тәрбие».**<br>**Еңбек тапсырмалары:**<br>«Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық».<br>**(еңбек дағдылары, дербес іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балалардың өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту.<br>Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Суретті құрастыр" жаттығуы.**<br>**(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>Тұтас бейнені құрастыруда бөлшектерді орналастыру, бұрын алынған дағдылардың бірі тосеу дағдыларын дамыту. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. | Қазақстанды мекендейтін құстар (торғай, сарыбауыр шымшық, көгершін) жайлы түсініктерін қалыптастыру<br>"Торғай"<br>Торғай, торғай тоқылдақ,<br>Жерден бидай шоқып ап,<br>Бөтегесі бұлтиып,<br>Шиқ-шиқ етіп отырмақ,<br>Торғай, торғай тоқтаған<br>Торғайды торғай мақтаған.<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Бәрі жабылып жоқтаған | | "Торғай" (ел аузынан)<br>Торғай-торғай тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп моңтайып,<br>"Шип-шип" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтаған.<br>Торғайды торғай мақтаған,<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Іздеп бәрі жоқтаған. | **"Бір сөзбен ата" ойын-жаттығуы.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту.<br>Құралдар. Заттардың топтамалары бойынша сурет-карточкалар немесе ойыншықтар.<br>Баланың жауабына мысал: Доп, пирамида, қуыршақ. Бұның барлығы - ойыншықтар. Кесе, тарелка, шәйнек. Бұның барлығы - ыдыстар. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен).<br>**(дене тәрбиесі, музыка)**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, "тауып ал" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап "жұмыс" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамал тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқасынан жатып, орамалмен беттерін жауып "ұйықтайық" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Орамалды кеңірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). | | | | |
| **Таңғы ас** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Жуамыз қолды мөлдір сумен,<br>Сабындаймыз көпіргіш сабынмен,<br>Сүртеміз жұмсақ орамалмен.<br>Қуаныштымыз сен және мен. (Д. Ахметова) | | | | |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты аузыды жауып, шайнау, тамақпен ойнамау аузыды толтырып сөйлемеу.<br>Әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз.<br>Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі.<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға, өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>"Күй күмбірі": "Қосбасар - 4" (Қаршыға Ахмедияров)<br>«Өнегелі»: Саяхат және жаңалықтарды ашу. Тақырыбы: "Бізді қоршаған әлем". Мақсаты: балалардың қоршаған әлемге деген қызығушылықтарын ояту, жаңаны тануға ынталандыру; қоршаған әлеммен таныстыратын техника көздері арқылы ересекке сенімділікті арттыру, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Сүйікті ертегілер мен мультфильмдер негізінде иллюстрациялар мен коллаж. Балалар туындыларының көрмесі, кітапшалар жасау. **Қауіпсіз жайлы, дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру** | | | | |
| | **«Әсерлермен бөлісу шеңбері» жаттығуы.**<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**<br>**Мақсаты:** балаларды (белгілі оқиға, мереке, топтас, сурет, мультфильм, ертегіден) алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Достыққа тәрбиелеу. | **"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту. Көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай мөнтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>Халық ауыз әдебиеті. | **Қыстайтын құстар туралы әңгімелесу.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, тіл әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. Суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. | **"Не қайда мекендейді?" ойыны.**<br>**(қоршаған ортамен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін - қалыптастыру. Сұраққа толық жауап беруді үйрету.<br>Жануарлардың қоректері жайлы білімдерін толықтыру. | **Шаттық шеңбері**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел достарым, келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер.<br>Шақырамын сендерді,<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа<br>Дөңгеленген шеңберді. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>"Жануарлар қалай қыстайды?"<br>**Міндеттері:** Балаларда допты | **Дене тәрбиесі**<br>"Суықторғай".<br>**Міндеттері:** Балалардың сап | **Музыка**<br>"Аю мен түлкі".<br>**Міндеттері:** әртүрлі әспапта | **Дене тәрбиесі**<br>"Біз құстарды аялаймыз!"<br>**Міндеттері:** балаларда тұрған | **Қазақ тілі**<br>"Адамдар. Адам бетінің бөліктері. Тазалық - денсаулық |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алыска лактыруда бастапкы тұрған қалыпты қабылдау және бөренеңің үстімен тез адымдап жүру техникаларын бекіту. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі дамыту, қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, лақтыруды орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. | түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен аракашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, еңбектеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға баулу. | орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге, шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету, оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы музыка тыңдауға үйрету. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шапшаң жүруге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда, қасықпен ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. | заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникаларын жетілдіру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларына үйрету. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, еңбектеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: ептілікті дамыту. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға баулу. | кепілі." Адам, оның дене мүшелері, адам бетінің бөліктері туралы, адамның жердің барлық бөлігінде өмір сүретіндігі туралы балалардың білімдерін қалыптастыру; пантомимикаға үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, қазақ тіліндегі сөздерді есту арқылы қабылдау қабілетін және есту зейінін дамыту, монологтық сөйлеу негіздерін, ойлау қабілетін дамыту; жағымды көңіл күйін білдіре алуы. Құыршаққа деген жақсы көзқарасқа, мәдени-гигиеналық дағдыларын сақтауға баулу. |
| | **Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.** "Торғайлар жемшашарға қонды" суретімен танысу. **Мақсаты:** балаларды қыста жемшашарға қонған торғайлар туралы суретпен таныстыру, құстардың қимыл-қозғалысының ерекшеліктеріне көңіл аударып, қысқы тіршілігі жөнінде мәліметтер беру. | **Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.** "Саусқан мен көкек". **Мақсаты:** балаларды "Саусқан мен көкек" ертегісі мазмұнымен таныстыру; қысқа мәтінді ертегіні бар ықыластарымен мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>**Мүсіндеу ойындары.** "Құстарға жем"<br>**Мақсаты:** пластилин кесегінен ұсақ бөліктерді жұла отырып, оларды дөңгелектеу әдісін жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, қимылдар | **Математика негіздерінен ойын-жаттығулар** "Саусқанның сыйлықтары". **Мақсаты:** балаларды екі қарама-қарсы заттардың ұзындығы, ені бойынша түстастырып, салыстыру іскерлігіне машықтау, салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; түстастыру және беттестіру тәсілдерін жетілдіру; көзбен мөлшерлеуді, қолдың ұсақ моторикасын, таным қабілеттерін жетілдіру. | **Жапсырудан ойын-жаттығулар** "Шұбар тауықты безендірейік". **Мақсаты:** балаларды алдын-ала дайындап қойған ала тауық кескінінің төс аймағына ұсақ өю элементтерін (қауырсындарды) орналастыруға және жапсыруға үйрету; аталмыш ертегі кейіпкері Шұбар тауықтың бейнесі туралы түсініктерін жетілдіру; қыстайтын құстар тіршілігі жөнінде ұғымдарды толықтыру. | **Сурет салудан ойын-жаттығулар** "Үкі". **Мақсаты:** балаларды қағаз бетінде үлкен сопақша пішінін алдын-ала салынған екі дөңгелек көз бен құс тұмсығы айналасына салып, құлақтар мен қанаттарды салып, үкі бейнесін салуға үйрету. |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үйлесімдігін дамыту.<br>Жаттығуды аяқтағаннан кейін балалар дайын "жем" бөліктерін жасанды жемшашарға себелетіп, төге алады. | | | |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде тақтайшадан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды аузына алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне мұқият ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №** 18 | **Картотека №** 2 | **Картотека №** 20 | **Картотека №** 19 | **Картотека №** 14 |
| **Серуеннен оралу** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына іліуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Түскі ас** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту: ас ішу құралдарын (ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып, шайнау, аузды толтырып сөйлемеу.<br>Асты-шашпай төкпей іш.<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Таусып іш қалдырма.<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды.<br>«Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалына") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады.<br><br>Аудио тыңдау<br>М.Беспаевтің «Әлди, әлди әні».<br>**(музыка)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Балгер» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту.<br>«Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беру.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Бай мен тәуіп» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады.<br><br>Аудио тыңдау<br>М.Беспаевтің «Әлди, әлди әні».<br>**(музыка)** |
| **Ұйқыдан** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)** | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп өнту, сауықтыру шаралары** | Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>"Мейірімді мысық"; (белді бүгіп, басты жоғары көтеру).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудартy; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **"Құстарды сұлбасы бойынша таны" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** қыстайтын және жыл құстары туралы балалардың білімдерін бекітуге үлес қосу, сұлбасы бойынша құстарды тани білуге машықтандыру.<br>Барысы: балаларға құстардың сұлбасы ұсынылады. Балалар құстарды анықтап, оларды жыл құстары немесе қыстайтын құс деп атайды.<br>**Саусақ жаттығуы (тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>«Тоқылдақ» саусақ жаттығуы<br>Тақылдатып, мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап.<br>Тоқ-тоқ-тоқ.<br>Орманшарды емдейді, зиянкесті тазалар.<br>Тоқ-тоқ-тоқ.<br><br>**Әлеумет**<br>**"Аурухана" ойыны.**<br>**Мақсаты:** балаларды дәрігер қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; дәрігер қызметінің | **Сюжетті-рөлдік ойын: "Үй құрастырамыз". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балаларды құрылыс мамандықтарымен таныстыру, құрылысшылардың жұмысын жеңілдететін технологияның рөліне назар аудару, балаларды қарапайым құрылымды ғимарат салуға үйрету, ұжымда достық қарым-қатынасты дамыту, құрылысшылардың ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту.<br>**"Көңілді жаттығулар" ойын-жаттығуы. (математика негіздері, дене тәрбиесі)**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Өз дене мүшелеріне қызығушылықты арттыру.<br>Зейінді, физикалық қасиеттерді дамыту.<br>Сөзбен айтылған, бірақ көрсетілмеген тапсырманы мұқият тыңдап, орындауды ұсынамын:<br>- Қол белде, басымызды жоғары көтеріп, төмен түсіреміз.<br>- Екі қолды оң мен солға жазып, бастан жоғары көтеріп, шапалақтаймыз.<br>- Қолдарды төмен түсіреміз, | **"Ұшалы ұшпайды, өседі өспейді" театрландырылған ойын.**<br>**Мақсаты:** балалардың тапқырлық қабілетін дамыту.<br>Барысы: затты атаймын, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қағуды көрсетеді; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар көзімен жабады.<br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>**"Мен қайда қандай болдым?" жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалау тәсілдерін дамыту; алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға, ересектермен диалог құруға үйрету.<br>Балалардан қайда болғанын сұрау.<br>Қандай ойынды ойнағанын, күн тәртібінде балабақшада, үйде не істегенін сұрау; ойынды, әрекетті атауға көмектесу.<br>Ойнағанда бала қандай болғанын сұрау. Мысалы, көңілді, қуанышты; жылдам, шапшаң, баяу; әдепті, ақылды болды. | **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар**<br>"Қыстайтын құстарға қамқорлық".<br>**Мақсаты:** балалардың қыстайтын құстардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту; құстардың қысқы тіршілігімен таныстыра отырып, қыстайтын құстардың қыс кезіндегі ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; қыста өлкеде тіршілік ететін құстарды жатқа білуге үйрету; қыстайтын құстардың қысқы тіршілігі туралы ұғым беру.<br><br>**"Менің ойыншығым" ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** балаларға әртүрлі ойыншықтармен ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету; ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Балаларға қандай ойыншықты ойынға алғанын сұрау.<br>Ойыншықпен не істеуге болатыны, ойыншық не істей алатынын сұрау.<br>Ойыншықтың айтылған әрекетті қалай жасайтынын көрсететінін | **"Суретті құрастыр" жаттығуы. (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** тұтас бейнені құрастыруда бөліктерді орналастыру, бұрын алынған дағдылардың бірі тесу дағдыларын дамыту. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Драматизация.**<br>"Шұбар тауық" ертегі желісін саусақ театрын пайдалана отырып сахналау.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** ертегіні тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықылас ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br><br>**«Қуыршақ Сәуле қонаққа келді»** |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін кеңейту; дәрігердің құралдарын жатқа айтуға үйрету; ойын барысында шығармашылыққа баулу. Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. | белге қоямыз; төмен отырамыз, қолды алға созамыз.<br>- Орнымыздан тұрып, қолдармен алдыда бір шапалақ ұрып, артта да шапалақ ұрамыз. | | ұсыну. | **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын байыту,ойынға деген қызығушылығын арттыру. **(сөйлеуді дамыту)**<br>**«Сәулеге арналған сыйлық»** Ермексаздан тәтті тоқаш мүсіндеу, көйлегін сәндеу, гүл жапсыру. **(сурет салу,мүсіндеу, жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Қар басқан бұтақтар»** паралон көмегімен сурет сала білуге үйрету.Баланың ұсақ қол қимылдарын дамыту **(сурет салу)** | **"Қыста қандай құстар қыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** ересектердің сөзің тыңдау және түсіну, тіл әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. Суреттерді бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Құстар арасынан қыстайтын құстарды табу; ойлау қабілеттерін дамыту. | конструктордан үй құрастыру. Достыққа тәрбиелеу, ұжым болып ойнай білуін қалыптастыру. **(құрастыру)** | **Қимылды ойын:**<br>«Себетке жина»<br>**Мақсаты:** бір қалыпты жүгіру. Қар түйіршіктерін себетке лақтыру. **(дене тәрбиесі)** | Балаларға жұмбақ жасыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. **(қазақ тілі)** |
| **Серуенге дайындық** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды аузына алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>"Мейірімді мысық". (белді бүгіп, басты жоғары көтеру).<br>Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту, дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс, этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **"Құстарды сұлбасы бойынша таны" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** қыстайтын және жыл құстары туралы балалардың білімдерін бекітуге үлес қосу, сұлбасы бойынша құстарды тани білуге машықтандыру.<br>Барысы: балаларға құстардың сұлбасы ұсынылады. Балалар құстарды анықтап, оларды жыл құстары немесе қыстайтын құс деп атайды.<br>**Саусақ жаттығуы (тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>«Тоқылдақ» саусақ жаттығуы<br>Тақылдатып, мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап.<br>Тоқ-тоқ-тоқ,<br>Орманларды емдейді, зиянкесті тазалар.<br>Тоқ-тоқ-тоқ.<br><br>**Әлеумет**<br>**"Аурухана" ойыны.**<br>**Мақсаты:** балаларды дәрігер қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; дәрігер қызметінің | **Сюжетті-рөлдік ойын: "Үй құрастырамыз". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балаларды құрылыс мамандықтарымен таныстыру, құрылысшылардың жұмысын жеңілдететін технологияның рөліне назар аудару, балаларды қарапайым құрылымды ғимарат салуға үйрету, ұжымда достық қарым-қатынасты дамыту, құрылысшылардың ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту.<br>**"Көңілді жаттығулар" ойын-жаттығуы. (математика негіздері, дене тәрбиесі)**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Өз дене мүшелеріне қызығушылықты арттыру.<br>Зейінді, физикалық қасиеттерді дамыту.<br>Сөзбен айтылған, бірақ көрсетілмеген тапсырманы мұқият тыңдап, орындауды ұсынамын:<br>- Қол белде, басымызды жоғары көтеріп, төмен түсіреміз.<br>- Екі қолды оң мен солға жаямыз, бастан жоғары көтеріп, шапалақтаймыз.<br>- Қолдарды төмен түсіреміз, | **"Ұшады ұшпайды, өседі өспейді" театрландырылған ойын.**<br>**Мақсаты:** балалардың танымдық қабілетін дамыту.<br>Барысы: затты атаймын, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қағуды көрсетеді; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады.<br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>**"Мен қайда қандай болдым?" жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалау тәсілдерін дамыту; алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға, ересектермен диалог құруға үйрету.<br>Балалардан қайда болғанын сұрау.<br>Қандай ойынды ойнағанын, күн тәртібінде балабақшада, үйде не істегенін сұрау; ойынды, әрекетті атауға көмектесу.<br>Ойнағанда бала қандай болғанын сұрау. Мысалы, көңілді, қуанышты; жылдам, шапшаң, баяу; әдепті, ақылды болды. | **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар**<br>"Қыстайтын құстарға қамқорлық".<br>**Мақсаты:** балалардың қыстайтын құстардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту; құстардың қысқы тіршілігімен таныстыра отырып, қыстайтын құстардың қыс кезіндегі ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; қыста өлкеде тіршілік ететін құстарды жатқа білуге үйрету; қыстайтын құстардың қысқы тіршілігі туралы ұғым беру.<br><br>**"Менің ойыншығым" ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** балаларға әртүрлі ойыншықтармен ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету; ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Балаларға қандай ойыншықты ойынға алғанын сұрау.<br>Ойыншықпен не істеуге болатыны, ойыншық не істей алатынын сұрау.<br>Ойыншықтың айтылған әрекетті қалай жасайтынын көрсететінін | **"Суретті құрастыр" жаттығуы. (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** тұтас бейнені құрастыруда бөлшектерді орналастыру, бұрын алынған дағдылардың бірі тесу дағдыларын дамыту. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Драматизация.**<br>"Шұбар тауық" ертегі желісін саусақ театрын пайдалана отырып сахналау.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** ертегіні тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ынтал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br><br>**«Қуыршақ Сәуле қонаққа келді»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін кеңейту, дәрігердің құралдарын жатқа айтуға үйрету, ойын барысында шығармашылыққа баулу. Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. | белге қоямыз, төмен отырамыз, қолды алға созамыз. - Орнымыздан тұрып, қолдармен алдыда бір шапалақ ұрып, артта да шапалақ ұрамыз. | | ұсыну. | **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын байыту,ойынға деген қызығушылығын арттыру. **(сөйлеуді дамыту)** **«Сәулеге арналған сыйлық»** Ермексаздан тәтті тоқаш мүсіндеу, көйлегін сәндеу, гүл жапсыру. **(сурет салу,мүсіндеу, жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Қар басқан бұтақтар»** паралон көмегімен сурет сала білуге үйрету.Баланың ұсақ қол қимылдарын дамыту **(сурет салу)** Қайырболат Дәулет | «Санап көр» **Мақсаты:** 1–5 көлемінде санау дағдыларын қалыптастыру. (таным) Бекет Айнамкөз | «Рақмет, өтінемін» **Мақсаты:** сыпайы сөздерді күнделікті қарым-қатынаста қолдануға дағдыландыру. (әлеумет) Қайрат Нұрзия | **Қимылды ойын: «Себетке жина»** **Мақсаты:** бір қалыпты жүгіру. Қар түйіршіктерін себетке лақтыру. **(дене тәрбиесі)** Әзімбай Аяла | Балаларға жұмбақ жасыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. **(қазақ тілі)** Ашимолова Аружан |
| **Серуенге дайындық** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)** Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету, аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету, ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық). «Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таянышпен ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №** 12 | **Картотека №** 19 | **Картотека №** 10 | **Картотека №** 8 | **Картотека №** 1 |
| **Серуеннен оралу** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)** Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру; ұқыптылыққа, киімдегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру. «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес. "Балалармен бірге ойнаңыз". | "Жеке әңгімелер" (ата-аналардың қалауы бойынша). | "Музыка және балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | Ата-аналарға кеңес. "Баланы жаңғалақтықтан (ұшқалақтық, ұмытшақтық) қалай арылтуға болады?" | Сүйікті ертегілер мен мультфильмдер негізінде иллюстрациялар мен коллаж. Балалар туындыларының көрмесі, кітапшалар жасау. |

**Тәрбиешілер:** Есетова.Б.Б Кенжебаева.А.А

Тексерілген күні: 23.01.26ж.
Әдіскер: [signature] А.Ж.Жумагалиева

# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

## Қаңтар айы (4-апта)

**Білім беру ұйымы: «Балбөбек» жеке бөбекжайы**
**Топ: «Күншуақ» ортаңғы топ**
**Балалардың жасы: 3 жастағы балалар**
**Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 26.01 - 30.01.2026ж.**
**Қаңтар «Заң және тәртіп айы»**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **26.01.2026ж** | **27.01.2026ж** | **28.01.2026ж** | **29.01.2026ж** | **30.01.2026ж** |
| **Апта дәйексөзі: «Тәртіпсіз ел болмайды»** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым!<br>Арайлап атқан күнге!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>Барлығымыз табиғатты сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.<br>Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз,<br>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br><br>BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу.<br>"Хоки-поки би"<br>**(музыка)** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>**«Күй күмбірі»**<br>Күймен балаларды қарсы алу. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды** | Балалардың музыкалық қабілеттері туралы әңгімелесу. | Ата-аналарға кеңес.<br>"Балаларды қалай қуантуға болады?" | Ата-аналарға кеңес.<br>"Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | | | салтын қалыптастыруда ойын технологияларын қолдану". | әңгімелесу. | әңгімелесу. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **«Өнегелі тәрбие»**<br>**Еңбек тапсырмалары:** Балалар жеке сөрелеріне көңіл бөледі; сүлгімен шаң сүрту, заттарды ұқыпты орналастыру.<br>**(еңбек дағдылары)**<br><br>**"Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)**<br>**Мақсаты:** балаларға әртүрлі құбылыстарды себеп-салдарына байланысты түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру.<br>Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру.<br>Ойынның барысы: сөйлемді бастаймын, мысалы, "Мен жылы тонды кигенімнің себебі ..." - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "... жылы болу үшін, ... тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Алдын-ала сөйлемдерді әзірлеп қоямын. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебіміз ...", "Қолшатыр алған себебіміз ..." және т.б.. Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады.<br><br>**"Заттардың өлшемдерін салыстыр" ойын-жаттығуы.**<br>**(математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** өлшемдері қарама- | **«Өнегелі тәрбие».**<br>**Еңбек тапсырмалары:** «Бөлме өсімдіктерін суару». **(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)**<br>**Мақсаты:** бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай) суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**"Кім көп біледі?" сөздік ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** дидактикалық міндеті: балалардың есте сақтауын; заттар туралы білімдерін молайту; тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу.<br>**Ойын ережесі:** заттың қалай пайдаланылатынын айту.<br>**Ойын әрекеттері:** жарыс, затты пайдаланудың түрлерін көп айту керек.<br><br>**Қимылған суреттермен ойындар «Әңгіменің кейіпкерлерін жина».** | **«Өнегелі тәрбие»**<br>**Еңбек тапсырмалары:** «Асханадағы көмекшілер». **(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** мүмкіндіктеріне қарай күту шіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Балаларды тамақ ішерде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**"Лото: "Үй жануарлары" үстел үсті ойыны.**<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды, үй жануарларын, топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Түстер бойынша карточкаларды таңдау.<br><br>**"Мен қайда қандай болдым?" жаттығуы.**<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және** | **«Өнегелі тәрбие».**<br>**Еңбек тапсырмалары:** «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық». **(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)**<br>**Мақсаты:** заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**«Өлшеміне қарай сәйкестендір» үстел үсті ойыны.**<br>**(математика негіздері)**<br>**Мақсаты:** заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Балаларды заттарды берілген өлшем бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы көлемі) салыстыруға үйрету, бір затты екіншісімен салыстырып нәтижелерді салыстыруды дамыту. Қабылдау қабілетін, ойлау дағдыларын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>**"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** дидактикалық міндеті: балалардың | Ұлттық сезім күні<br><br>**«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:** Құрылыс материалдарын, үстел үсті ойындарды орнына қою.<br>**(еңбек дағдылары, дербес іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Кез келген жабдық пен құралдың орнын есте сақтауға көмектесу, ұқыптылыққа баулу.<br><br>**"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балалардың өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу. Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Зейін және есту қабілеттерін дамыту. Достыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Сөздік қорға қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. | **(құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балаларды ересекпен бірге ойынға қатысуға, қарапайым ертегілерді ойнап көрсетуге, олардың кейіпкерлерінің жеке диалогтарын және эмоционалды образын жеткізуге үйрету. Танымал ертегілерді ойнап көрсетуге қызығушылық пен ынтаны қалыптастыру. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттерін талқылау. Жай схемалар мен сурет үлгілерін пайдалана отырып, заттарды қою, қосу сияқты тәсілдермен өз бетінше конструкциялар жасауға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау қабілетін және ойлау дағдыларын дамыту. | **көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалау тәсілдерін дамыту; алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға, ересектермен диалог құруға үйрету. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балалардан қайда болғанын сұрау.<br>Қандай ойынды ойнағанын, күн тәртібінде балабақшада, үйде не істегенін сұрау; ойынды, әрекетті атауға көмектесу. Ойнағанда бала қандай болғанын сұрау. Мысалы, көңілді, қуанышты; жылдам, шапшаң, баяу; әдепті, ақылды болды. | байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей.<br>Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді.<br>Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу. | Дауысын өзгертпей, атын қатты айту.<br>Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу.<br><br>**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен).<br>**(дене тәрбиесі, музыка)**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). | | | | |
| **Таңғы ас** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |



Scanned with CamScanner

<table>
<tr>
<td></td>
<td colspan="5">Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>Тазалықтың досы<br>Су дегенің осы.<br><br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып, шайнау, тамақпен ойнамау аузды толтырып сөйлемеу.<br>Әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Кесе, шыны, пиала.<br>Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?<br>Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі.<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға, өзіне тиесті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</td>
</tr>
<tr>
<td rowspan="2">Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық</td>
<td colspan="5">«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>"Күй күмбірі": "Ерке би" (Қаршыға Ахмедияров) «Өнегелі»: Тақырыбы: "Шыншыл болу маңызды". Мақсаты: балаларда адамның жақсы әрекеттері туралы түсініктерді қалыптастыру; таныс шығармалар кейіпкерлерінің жағымды әрекеттері, шыншыл болу, көмекке келу қасиеттері үлгілерін көрсету. Қауіпсіз жайлы, дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру</td>
</tr>
<tr>
<td>Таңғы сәлемдесу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған, Аспаным!<br>Сәлем саған, алтын Күн!<br>(Қолдарын көтеру)<br>Сәлем саған, туған Жер!<br>(Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу)</td>
<td>Таңғы сәлемдесу "Сәлем, саған көк аспан!"<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған көк аспан! (Қолды жоғары көтеру)<br>Сәлем саған күн нұры! (Екі қолды қосып, шеңбер жасау)</td>
<td>"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) сөздермен байыту.<br>Құралдар. Дорба, түрлі заттар немесе ойыншықтар.</td>
<td>Таңғы сәлемдесу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге, жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Армысың, Әлем!<br>Армысың, Жарық күн!<br>Армысың, абзал Адам!<br>Армысың, менің досым!</td>
<td>Шаттық шеңбері<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,</td>
</tr>
</table>

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сәлем, бүкіл Жер шарым! (Қолдарын кілемге баяу түсіру)<br>Сәлем, үлкен отбасым!<br>Сәлем берді балашын!<br>Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғары көтереді. | Сәлем саған жер ана! (Қолды баяу түсіру)<br>Сәлем саған, достарым! (Барлық балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтереді) | Баланың жауабына мысал: Бұл доп. Доп домалақ. Доптің түсі көк. Доп домалайды. Доп - бұл ойыншық. | | Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік! |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>"Құстарға жем шашайық".<br>**Міндеттері:** балаларда гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: ептілікті дамыту. | **Дене тәрбиесі**<br>"Кірпі қалай жүреді?"<br>**Міндеттері:** балаларда нық қаламмен алға, нық қадаммен артқа жүру дағдыларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру; допты алысқа лақтыруға үйрету; баскетбол добына арналған торға белгіленген нысанадан аспай, допты көкірек тұсынан дәлдеп лақтыру дағдыларын дамыту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Жүру, жүгіру, секіру, лақтырудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. | **Музыка**<br>"Қысқы әнші құстар".<br>**Міндеттері:** балаларды әнді ықыласпен тыңдай білуге үйрету. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: әнмен, бимен таныстыру. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің даусына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту. Балалар музыкалық аспаптарында (қасықтармен) ойнауға баулу. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға үйрету. | **Дене тәрбиесі**<br>"Домалаған кірпі".<br>**Міндеттері:** балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 1,5 м қашықтықта допты қақпа (ені 50 см) арқылы домалатуға үйрету; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді жүру дағдысын жетілдіру. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлерін орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: ептілікті дамыту. Қарапайым ережелерді сақтауға баулу. | **Қазақ тілі**<br>«Ас бөлмесінде қандай заттар болады?». Ыдыстар.<br>**Міндеттері:** «Ыдыс-аяқ» тақырыбындағы сөздерді қазақ тілінде айтуды, сөзде екпінді дұрыс қолдануды; есту зейіні арқылы сөздерді дұрыс атауды үйрету. |
| | **Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.** | **Сурет салудан ойын-жаттығулар** | **Математика негіздерінен ойын-жаттығулар** | **Мүсіндеуден ойын-жаттығуларлар** | **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Не қалай дыбыстайды? [о], [ө] дыбыстары".<br>**Мақсаты:** балаларды үй жануарларының дыбыстау ерекшеліктерімен, дауысты [о], [ө] дыбыстарының артикуляциясымен таныстыру; үй жануарларының қыстағы тіршілігі жөнінде білімдерін пысықтау. | "Өсімдіктер".<br>**Мақсаты:** балаларды өзара ұжымдасып шығармашылықта сурет салу тәртібіне үйрету; алдын-ала борпамен салынған өсімдік өскен ыдыс бейнесінен шығып, созылып жатқан үй өсімдіктерінің бұталары бойына жапырақтарды саусақтармен жақпалап, салуға үйрету.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстырудың ойын-жаттығулар.**<br>"Кішкентай марғау".<br>**Мақсаты:** марғау туралы ұғым бере отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Мысық пен марғау туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту. | "Марғаулар жіппен ойнайды".<br>**Мақсаты:** балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңестіруге үйрету; заттар жұптарын тұстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдану іскерлігін қалыптастыру; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай, бір-біреуден салу тәртібіне дағдыландыру; зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**"Бір сөзбен ата" ойын-жаттығуы.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту. Құралдар. Заттардың топтамалары бойынша сурет-карточкалар немесе ойыншықтар.<br>Баланың жауабына-мысал: Доп, пирамида, қуыршақ. Бұның барлығы - ойыншықтар. Кесе, тарелка, шәйнек. Бұның барлығы - ыдыстар. | "Түймелер".<br>**Мақсаты:** балалардың киімдер туралы білімдерін жетілдіру, киімді түймемен түймелеудің маңызы туралы түсініктер беру; өзіне-өзі қызмет көрсету негіздерін қалыптастыру.<br><br>**"Не істеген? Енді не істейді?" дидактикалық ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>Құралдар. Суреттер немесе ойыншықтар.<br>- Қуыршақ төсекте жатыр. Қуыршақ не істеген? (Қуыршақ ұйықтаған.) Қуыршақ не істейді? (Қуыршақ ұйықтайды.)<br>- Доп қорапта жатыр. Доп қорапта не істеген? (Доп қорапта жатты.) Доп қорапта не істейді? (Доп қорапта жатады.)<br>- Машина жолда жүруде. Машина жолда не істеген? (Машина жолда жүрген.) Машина жолда не істейді? (Машина жолда жүреді.)<br>Диалог осы тәртіпте жүреді. | **жаттығулар.**<br>"Жүргіншілер жолы".<br>**Мақсаты:** балаларды жүргіншілер жолының маңызымен таныстыра отырып, ақпаратты мұқият тыңдауға үйрету. |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды аузына алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрнына тықпау).<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №** 17 | **Картотека №** 2 | **Картотека №** 18 | **Картотека №** 12 | **Картотека №** 1 |
| **Серуеннен оралу** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Түскі ас** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту: ас ішу құралдарын (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып, шайнау, аузды толтырып сөйлемеу.<br>Нан мен қасықты ал да,<br>Тамақ ішуді баста!<br>Түсіпжанова-Шағирова А.<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды.<br>«Үнемді пайдалану». Өзіне тиесті асты асықпай, ("обалығa") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады.<br>Аудио тыңдау<br>М.Беспаевтің «Әлди, әлди әні».<br>**(музыка)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету.<br>"Алтын жұмыртқа" ертегісін оқып беру. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба».<br>**(музыка)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету<br>«Жалқау мысық» ертегісін оқып беру.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)**<br>Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>Керуеттегі жаттығулар<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық,<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - шалқасынан жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру.<br>"Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - шалқасынан жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен алдына-артына тербелу. | | | | |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бесін ас | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **"Не қайда орналасқан?"** дидактикалық ойыны.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, математика негіздері)**<br>**Мақсаты:** зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Балалардың ойлау қабілеттерін, тілдің грамматикалық құрылымын жетілдіру.<br><br>**Саусақ жаттығуы**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>«Тоқылдақ» саусақ жаттығуы<br>Тақылдатып, мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап.<br>Тоқ-тоқ-тоқ,<br>Ормандарды емдейді, зиянкесті тазалар.<br>Тоқ-тоқ-тоқ.<br><br>**Драматизация. "Қызыл телпек" ертегісін ағаш ойыншықтар театрын қолдану арқылы сахналау.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**Ұлттық ойын "Қазан".**<br>**(ұлттық құндылық, қазақ тілі)**<br>**Мақсаты:** асықтарды көлденең нысанаға 3 метр қашықтықтан лақтырады. Сөреден 3 метр жерде үлкен қазан тұрады (шеңбер). Белгі бойынша әр топтың ойыншылары асықтарды қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді.<br><br>**Әлеумет**<br>**"Ойыншықтар" дүкені.**<br>**Мақсаты:** балаларды сатушы қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; ойыншық дүкені туралы білімдерін кеңейту; дүкендегі ойыншықтардың атауларын жатқа білуге үйрету; дүкендегі сыпайылық ережелері туралы түсінік беру.<br>"Ойыншықтар" қимылды жаттығуы.<br><br>**Жапсыру ойындары. "Қағаз шариктері"**<br>**Мақсаты:** қағазды түрлендіру әдістерін (умаждау) жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, қимылдар үйлесімділігін дамыту. Балалардың қалауы бойынша еркін әрекеттер таңдауын ұйымдастыру. Ермексаздан мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br>**(мүсіндеу)** | **"Кім не жейді?"** дидактикалық ойыны.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** балаларды құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту, есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту.<br>Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына азық-түлік бөлу.<br><br>**"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>**Мақсаты:** қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, қимылдарды үйлестіруге үйрету. Балаларға жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдауды, сигнал бойынша өз орындарына жылдам отуге жаттықтыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, мен түлкі болайын.<br>Мен сендерге әдемі ән айтып, | **"Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны.**<br>**(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу.<br>Барысы: қорапта әр түрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады: жануарлар, өсімдіктер. Екінші қорапта дәл осы суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған. Балаларды суреттермен таныстырамын. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады.<br><br>**"Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны.**<br>**(музыка)**<br>**Мақсаты:** дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау. Алдын-ала дайындық жұмысы: қоңырауншаны дайындайды. Барысы: балалардың ішінен жүргізушіні тағайындайды. Балалар шеңбер бойымен отырады, жүргізуші ортаға шығып көзін жұмады. Бір балаға қоңырлуышаны беремін, бала көзін ашпай қай жақтан шыққанын қолымен нұсқайды. Егер бала дұрыс таппаса, онда екінші рет ойнап отырады. Сосын келесі бала шығады. | **"Не істеген? Енді не істейді?"** дидактикалық ойыны.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Құралдар. Суреттер немесе ойыншықтар.<br>- Құыршақ төсекте жатыр. Құыршақ не істеген? (Құыршақ ұйықтаған.) Құыршақ не істейді? (Құыршақ ұйықтайды.)<br>- Доп қорапта жатыр. Доп қорапта не істеген? (Доп қорапта жатты.) Доп қорапта не істейді? (Доп қорапта жатады.)<br>- Машина жолда жүруде. Машина жолда не істеген? (Машина жолда жүрген.) Машина жолда не істейді? (Машина жолда жүреді.) Диалог осы тәртіппе жүреді.<br><br>**"Күлкілі маймылдар" театрландырылған ойын.**<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы: балалар шашыраңқы тұрады. Олар маймылдар болып ойнайды. Олардың алдындағы бала - хайуанаттар бағына келуші, ол әртүрлі қимылдарды орындайды. "Маймылдар", баланың іс-әрекеттерін қайталайды. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. | Құрастыру материалдарынан үйшік жасауға көмектесу дербес қимыл жасауын дамыту**(құрастыру)**<br>Қандай сурет сала алатынымызды көрсетейік. Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау. Балалардың еркін әрекетін дамыту. **(сурет салу)** | алаңға серуенге шақырамын.<br>Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра қаласыңдар. Орындарыңа отырмасаңдар, мен орынды басып аламын. Бастайық.<br>Д. Ахметова "Түлкі".<br>Мен түлкімін, түлкімін,<br>Құлықпен өтер күнім.<br>Қаласам алдай саламын,<br>Орынды басып аламын.<br>Сөздерді әндетіп айтып жүремін. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | қарындашты дұрыс ұстап, әдемі бояй білуге жаттықтыру.Бояма бояу.<br>**(сурет салу)**<br>Алла мен Арузат | Нық қадаммен алға жүру және түрлі бағытта жүгіру әдістерін үйрету. **(дене тәрбиесі)**<br>Тасжан Зайыр | «Түлкі мен қоян» ертегі<br>Ертегінің мазмұнын түсініп айта алады, кейіпкерлерді атап бере алады. **(қазақ тілі)**<br>Мурадым Мурагер | «Бағдаршам»<br>**Мақсаты:** түстерді ажыратуға жаттықтыру, түстерді қазақша айтуға дағдыландыру<br>**(математика негіздері)**<br>Бекет Айналкөз | «Қыстайтын құстар қайда мекендейді?»<br>**Мақсаты:** қыстайтын құстар туралы түсі түсініктерін кеңейту. Құстарды сыртқы белгілері бойынша ажырата алуға үйрету<br>Қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға үйрету **(қоршаған әлеммен танысу)**<br>Асхар Сабина |
| **Серуенге дайындық** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №** 13 | **Картотека №** 1 | **Картотека №** 12 | **Картотека №** 21 | **Картотека №** 20 |
| **Серуеннен оралу** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. | | | | |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың музыкалық қабілеттері туралы әңгімелесу. | Ата-аналарға кеңес.<br>"Балаларды қалай қуантуға болады?" | Ата-аналарға кеңес.<br>"Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда ойын технологияларын қолдану". | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту, апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту, апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. |

**Тәрбиешілер:** Кенжебаева.А.А Есетова.Б.Б

Scanned with CamScanner